

## **ХАТТАМА №2**

Құлсары қаласы

**Уақыты:** 23.02.2022 жылы сағат 15:00

**Откен орны:** Жаңа Қаратон кенті, №22 мектептің акт залы

**Ұйымдастырушы:** «Жылжыойгаз» ЖШС

Қатысқандар:

1. Жакашев Г.М - Жылжыойгаз ЖШС директоры
2. Берлеуова С - ГҚжКҚжЖБ бастығы
3. Изматова У – өткізу қызметінің жеке тұлғалар бойынша менеджери
4. Утаров С - өндірістік техникалық бөлім инженері
5. Сулейменова Ш - экономист
6. Баймуратов С - Жаңа Қаратон кенті әкімі

### **Күн тәртібі:**

1. Өлеуметтік желілерде газ бағасына қатысты туындал жатырган халықтың сұрағына ашық сұхбат түрінде жауап беру, жалпы серіктестіктің қызметі бойынша ақпарат жеткізу.

Халықпен болған ашық сұхбатты Жаңа Қаратон кенті әкімі-Баймуратов С ашып, «Жылжыойгаз» ЖШС директоры Г.М.Жакашевке сөз берді.

Халықтың ең бірінші сауалы Атырау облысының өзге аудандарында газ бағасы түсінімен, Жылжыойда неге газ бағасы түспей тұр деген болды. Газдың бағасын түсіру керек және оны өсірмеу керек деген ұсыныс пікірлер айтылды. Оған, «Жылжыойгаз» ЖШС директоры Жакашев Г.М жауап берді. Әзірге Жылжыойда газ бағасы төмендеген жоқ. Біріншіден, Теңіз кенішінен өндірілетін газдың да, оны тасымалдан жылжыойлықтарға жеткізіп отырған «Жылжыойгаз» ЖШС-ның «ҚазТрансГазАймақ» акционерлік қоғамына ешқандай қатысы жоқ. Міне, үш жылға тарта уақыт өтті көгілдір отын тарифі жеке тұлғалар үшін әлі күнге дейін көтерілген жоқ. Алғашында Президент К.Тоқаевтың жолдауына байланысты, одан кейінгі жылдары пандемияға орай қымбаттатуға жол бермедік.

Бұған дейінгі сұхбатымызда да, жыл сайынғы қоғамдық тыңдауларда айтып журмін, тағы да қайталаймын: біз газды «Теңізшевройл» компаниясынан сатып аламыз және аталған мекеме елдегі инфляцияның деңгейіне қарай әр жылдың 1 шілдесінде өз тарифін көтеріп отырады. Өсім өткен 2021 жылдың жазында да қосылды. Оқырмандарға түсінікті болу үшін айтайын: ТШО-ның 1 текше метрге шаққандағы сату бағасы – 5,67 теңге. Мұны компания басшылығы жоғарғы жақтағы министрлікпен келісіп бекітеді. Ал, біздің тариф облыстық табиғи монополияларды реттеу агенттігінің қадағалауында. Біз өз кезегімізде сатып алған газды Құлсары қаласына тасымалдан, тұтынушыға сатамыз. Тасымалдау

тарифіміз – 1 текше метр үшін 2,10 теңге, сонда көгілдір отын құны ауданға жеткенше қосымша құн салығынсыз 7,77 теңге, қосымша құн салығын қосқанда 8,70 теңгені құрайды. Өкілетті органның талабы бойынша 3 жыл бойына газ бағасы өсірілмеді, қазіргі таңда ауданда газ қосымша құн салығын қосқанда 7,68 теңгеге сатылып отыр, яғни біз әр 1 м<sup>3</sup> газ үшін 1,02 тг ұтылып отырмыз.

Бір сөзбен айтқанда, біз табиғи газды «Теңізшевройлдан» қымбатқа сатып алғып, халыққа арзанга беріп отырмыз. Себебі: жоғарыда айтып өткеніміздей, ТШО теңгенің құнсыздану деңгейіне байланысты газ бағасын жыл сайын қымбаттатумен келеді, ал біз 2020 жылғы тарифты өзгертуп ділдік. Арзандатуды Теңізден (Теңізшевройл ЖШС-нен) бастау керек және осы мақсатта біз өз тарапымыздан тиісті хаттарды жолдадық. Бұл сұрақ құн тәртібінен түспейді деп сөзін қорытындылады.

Одан кейін, кездесуге жиналған тұтынушылардан келесідей сауалдар, ұсыныс пікірлер түсті. Оған «Жылжыойгаз» ЖШС мамандары жауап берді.

- 1) Әжібаев Салаут – газды Теңізшевройлдан қаншаға аласыздар, халыққа қаншаға сатасыздар деген алғашқы сауалын қойды.
- 2) Тайпанов Тұрғанбай - газ бағасына қатысты сауал қойды, газдың бағасын 50 пайызға түсіруге қандай жұмыс жасап жатсыздар, тиісті шара алынып жатыр ма, Қазақстанның барлық аумағы газдың бағасын түсірді. Сіздер іргедегі газды қаншаға түсіресіздер деп сауал берді.
- 3) Тайпанов Тұрғанбай – іштегі есепке алу аспабын сыртқа, сырттағы есепке алу аспабын ішке орнатудың мәнін, себебін түсіндіріп беруді сұрады.
- 4) Кершубаев Болат 564 үй -газ линиясы үйдің айналасын қоршап тастаған. Компенсатор жок. Сол линияны жер астымен өткізуге, алғы тастауға болмайды ма, жыл сайын әр әкім өзгерген сайын айтамын. Соны шешіп берсеңіз деді.
- 5) Тапалов Қайрат 726 а үй-котелдың үстінде счетчик тұрғаны дұрыс па? Менің үйіме Жылжыойгаз ЖШС қызметкерлері сырттағы счетчикті ішке кондыр деп, котелдың үстіне счетчик қондырып кеткен деп, осы мәселені көтеріп, қауіпсіздік шарасын алғып, кемшілікті орнына келтіруді сұрады. Жоба бойынша счетчик ористон тұсында тұрғанымен, шын мәнінде ол котел үстінде тұр, өздерің солай жасап кеттіндер деді.
- 6) Кадирова Гүлзада – көп балалы аналарға қандай женілдіктер бар деп сұрақ қойды. Екінші сұрақ су мен фейримен газ линиясын тексересіндер де, неге сол үшін үш мыңнан жоғары ақша аласындар деді.

Кездесудің қорытынды бөлігінде Жаңа Қаратон кенті әкімі-Баймуратов С-газ бағасы саясаты, өзгерістер туралы кент әкімдігіне ай сайын ақпарат беріп отыруға ұсыныс айтты. Өйткені, тұрғындар газ бағасының неден құралатындығы туралы мәліметті нақты білмей жатады. Сол үшін оларда сауал көп болып жатады деді және Жаңа Қаратон кенті тұрғыны 564 үйдің мәселесін шешіп беруге ұсыныс айтты.

Отырыс төрағасы кездесуді осы жерде айтылған барлық мәселелер ескеріліп, сұрыпталатын болады және нәтижеге жұмыс жасайтынын жеткізіп аяқтады.

**Отырыс төрағасы:**

«Жылъыойгаз» ЖШС директоры

Жакашев Г.М

**Отырыс хатшысы:**

Заң кеңесшісі

Кусаинова Н